

№10 «Толқын» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК-ы

№3 өндірістік жиналыс хаттамасы

Қатысқандар: 45

15.05.2025 ж.

Күн тәртібі:

1. Өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау.
2. Балалар өмірі мен денсаулығы ережелерін қорғау және ТҚ шараларын сақтаудың кезекті нұсқауын өткізу.
3. Балалардың тамақтануы туралы есеп.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Ақбасова Жамал балабақша қызметкерлерін өрт қауіпсіздік еңбек ережелерін сақтау туралы нұсқаулықпен таныстырды. Балабақшаның әрбір қызметкері өрт және сейсмикалық қауіпсіздік ережелерін білуге және орындауға тиісті. Өрт болған жағдайда балаларды құтқаруға және оны сөндіруге қажетті шараларды іске асыруға міндетті, - деп атап көрсетті шаруашылық меңгерушісі.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры әр қызметкерді балалар өмірі мен денсаулығын сақтау ережелері мен ТҚ шараларын сақтау туралы нұсқаулықпен таныстырып өтті.

- Біздің ең негізгі және басты міндетіміз балалар денсаулығы мен өмірін сақтау, - деп атап көрсетті балабақша директоры.

Бала кенеттен аурып қалғанда алғашқы көмек көрсетуге әр балабақша қызметкері дайын болуы керектігі туралы толық түсінік беріп, еңбек ережесін сақтау, соның ішінде балабақша төңірегінде өрт қауіпсіздігін сақтау туралы мағұлмат берді. Топтарда тез тұтанатын жағдайларды болдырмауды және оларды алдын – алу қажеттігі де айтылды.

Балабақша медбикесі Тимирова Н.И. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың тамақтануы туралы есебін берді. Жыл бойы балалардың тамақтануына аса көңіл бөлініп, тамақтану ережесі сақталғаннын атап өтті. Балаларға дәрумендерге бай көкөністер мен жеміс – жидектер, табиғи шырындардың үнемі берілуі қадағаланып отырғанын атап көрсетті.

